

Атаусыз көшелерге атау беру туралы

Түркістан облысы Сайрам ауданы Қайнарбұлақ ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 142 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 26 қазанда № 5859 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, халық пікірін ескере отырып және Түркістан облысы ономастика комиссиясының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы қорытындысы негізінде Қайнарбұлақ ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қайнарбұлақ ауылдық округінің Әсіларық, Қасымбек датқа, Ошақты және Шіркін елді мекендеріндегі атауы жоқ көшелерге келесі атаулар берілсін:

- 1) Әсіларық елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге - Самал атауы;
- 2) Әсіларық елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге - Алмалы атауы;
- 3) Әсіларық елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге - Наурыз атауы;
- 4) Әсіларық елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге - Шуақ атауы;
- 5) Қасымбек датқа елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге –Құлагер атауы;
- 6) Қасымбек датқа елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге–Жаңа ел атауы;
- 7) Қасымбек датқа елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге –Өркендеу атауы;
- 8) Қасымбек датқа елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге –Мейірім атауы;
- 9) Қасымбек датқа елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге –Самұрық атауы;
- 10) Қасымбек датқа елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге –Қаратау атауы;
- 11) Қасымбек датқа елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге –Кендала атауы;
- 12) Қасымбек датқа елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге –Дария атауы;
- 13) Қасымбек датқа елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге –Көгершін атауы;
- 14) Қасымбек датқа елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге –Лашын атауы;
- 15) Қасымбек датқа елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге –Қыран атауы;
- 16) Қасымбек датқа елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге –Балдәурен атауы;
- 17) Қасымбек датқа елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге –Темірқазық атауы;
- 18) Қасымбек датқа елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге –Туған өлке атауы;
- 19) Қасымбек датқа елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге –Ақжайық атауы;
- 20) Қасымбек датқа елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге –Ақтілек атауы;
- 21) Қасымбек датқа елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге –Ұлағат атауы;
- 22) Қасымбек датқа елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге –Мөлдірбұлақ атауы;
- 23) Ошақты елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге - Жаңғыру атауы;
- 24) Ошақты елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге - Сағым атауы;

- 25) Шіркін елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге - Нұрлытаң атауы;
- 26) Шіркін елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге - Ұлар атауы;
- 27) Шіркін елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге - Қазыналы атауы;
- 28) Шіркін елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге - Болашақ атауы;
- 29) Шіркін елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге - Күншуақ атауы;

2. "Сайрам ауданының Қайнарбұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Сайрам ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қайнарбұлақ ауылдық
округінің әкімі*

Р. Есполай